

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№1 хаттама Жаңа оқу жылы

Өткізілген орны: "Аяулым" бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 31.08.2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 16 адам

Қатысқаны: 16 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі м.у.а Б.Баимбетова, әдіскер, психолог және балабақша тәрбиешілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мектепке ейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.
 2. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
 3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
 4. 2023 -2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.
 3. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музыка, дене шынықтыру әс-әрекеттерінің кестесін, перспективалық жоспарды, күн тәртібін және үлгілік оқу жоспарын бекіту.
 4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.
 5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру сапасын талдау.
 6. Аттестатталатын педагогтар
- Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.
- Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі м.у.а Баимбетова Багила ашып беріп, педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Усенова Тогжан Сатыбалдықызы сөйлеп, Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №3486 ұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. Жаңа стандартта оқу қызметтерін өткізуде көп өзгерістер енгізілгенін түсіндіріп, ұйымдастырылған іс – әрекеттің қалай жүргізілетіні туралы айтты. Апталық жүктемелер болмайтынын, балалармен ойын түріндегі іс –

әрекеттер өткізу жайлы түсіндірді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде де не туралы айтылғаны, қандай бағыттар берілгені жайлы айтып, түсіндіру жұмысын жүргізді. Биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта жаңа стандарт пен модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айтылғанын, ұйымдастырылған іс – әрекеттерді ойын түрінде, сонымен қатар жаңа технологиялар қолдану арқылы өткізуге тапсырма берді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Ауезова Мақпал іс - әрекетті ойын түрінде өтудің жолдары туралы сұрақ қойды.

Сөйледі: әдіскер Усенова Тогжан Сатыбалдықызы сөйлеп, ойын түріндегі ұйымдастырылған іс – әрекет туралы сұраққа жауап беріп, үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттер бойынша перспективалық жоспар құрылатынын, міндеттерді орындау үшін балаларды ойната отырып, балаларды дамытып, күнделікті іс – әрекеттерді кіріктіріп өту керектігін айтты. Ұйымдастырылған іс – әрекетке жүктеме, сабақ кестесі болмайтынын түсіндірді.

Тәрбиеші Тлегенова Айгуль сөйлеп, ойын аймақтарын толықтыруға, тағы да жаңа ойыншықтар қосуға ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжайдың меңгерушісі м.у.а Баимбетова Багила Аскарровна сөйлеп, бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оқу тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ашық әс-ірекеттерінің, ертеңгіліктердің, баяндама, кеңестер, шебер сыныптардың тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оқу жылында жаңа стандартпен әс-ірекеттер өткізуге әдістемелік көмек ретінде шебер сыныптар тақырыптары қосылғанын айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан бекітуге ұсыныс айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Усенова Тогжан Сатыбалдықызы сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай тек қана мектепалды даярлық тобының іс – әрекет кестесімен, перспективалық жоспармен, күн тәртібімен таныстырып бекітуге ұсыныс айтты. Сонымен қатар апталық циклограмма жазу үлгісіне тоқталып, айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Уримханова Назира сөйлеп, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі болмаса, онда күнделікті оқу қызметін қалай үлгеруге болады деген сұрақ қойды.

Тәрбиеші Дүйсенова Ақтолқын сөйлеп, кіріктіріп өткенге «Тәй – Тәй» технологиясына ұқсатып, ойын аймақтарын жасап, дамытушы ортаға ойындарға арналған материалдар жасайық деген ұсыныс айтты.

Әдіскер Усенова Тогжан Сатыбалдықызы сөйлеп, «Түрлендірілген, кіріктірілген дидактикалық ойында» байқауын

ұйымдастырайық деген ұсыныс айтты. Ұсыныстарды педагогтар қолдап, пікір білдірді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша медбике Абылова Айсулу сөйлеп, жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрғаны туралы анықтама берді. Талап бойынша дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептиктердің, жеке қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекжай ғимаратының басқа жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжайдың меңгерушісі м.у.а Баимбетова Багила Аскарровна сөйлеп, тазалық талаптары туралы айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша әдіскер Усенова Тогжан Сатыбалдықызы сөйлеп, Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйледі. Балалардың жан –жақты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытушы ойыншықтар бұрыштарының толық емесін айтып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша әдіскер Усенова Тогжан Сатыбалдықызы сөйлеп, балабақшадағы педагогтердің аттестациядан өтуге өтініштерін қарап, аттестациялаудың ережесімен танысып шығуға кеңес берді.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжайдың меңгерушісі м.у.а Баимбетова Багила Аскарровна сөйлеп, аттестаттаудан өтетін педагогтардың құжаттарын тексеріп, педагогтерге алдағы тесттен өтуге сәттілік тіледі.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысында көрсетілген талаптар орындалсын.
2. 2023-2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музыка, дене шынықтыру оқу қызметінің кестесі, перспективалық жоспар, күн тәртібі және үлгілік оқу жоспары бекітілсін.
4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру дидактикалық материалдармен толықтырылсын.
6. 2023-2024 жылы аттестациядан Култаева Г., Акимбаева Д., Каипова А., Дүйсенова А., Қошқарбаева Ф., Усенова Т., өтсін. Аттестациядан өтетін педагогтардың құжаттары мен портфолиолары порталға салынсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Баимбетова Б.А
Усенова Т

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№2 хаттама

Өткізілген орны: "Аяулым" бөбекжайы

Өткізілген күні: 24.11. 2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 17 адам

Қатыспағандар саны: 0 Себепті: 0 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Саурбанва У.Н, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және дене шынықтыру нұсқаушысы, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.40.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Физикалық қасиеттер құзыреттілігін дамыту

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. «Заттық дамытушы ортаның және ойын аймақтарының жабдықталуы бойынша атқарылған жұмыстар. Байқаудың қорытындысы
3. Тақырыптық бақылау «Дене шынықтыру оқу қызметінің өткізілу барысы» Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында
4. Шебер сынып. «Балаларды» жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамыту.
5. Психологиялық тренинг. Педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Педкеңесті бөбекжай-бақша басшысы Саурбаева Улбосын Нурлановна ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: Бөбекжайдың әдіскері Усенова Тогжан Сатыбалдықызы күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай –бақша басшысы Саурбаева Улбосын Нурлановна сөйлеп, «Заттық дамытушы ортаның және аймақтардың жабдықталуы» бұрышының жабдықталуы және жиынтығының жинақталуы бойынша қорытынды жасады. «Заттық дамытушы ортаның және аймақтардың жабдықталуы» білім беру саласының бұрышының барлық топтарда толықтыруды қажет ететінін айтып, бала санына байланысты қолжетімді материалдардан жасақтау – жабдықтардың жеткілікті емес екенін айтты. Тәрбиешілердің өздері кейбір құралдарды қолдан жасауға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Салходжаева Дария сөйлеп, спорттық құрал – жабдықтардың кейбіреулерін қолдан жасау жақсы ой екенін айтып қолдады.

Әдіскер Усенова Тогжан спорттық құрал – жабдықтарға, дидактикалық материалдарға аудандық білім бөліміне сұраныс берсек деген ұсыныс айтты. Дамытушы ортаның жиынтығының жинақталуы жақсы дәрежеде жинақталғанын айтты. Айтылған ұсыныстарды педагогтар түгел қолдады.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Усенова Тогжан Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында «Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінің өткізілу барысы» атты тақырыптық бақылаудың қорытындысы туралы айтты. Дене шынықтыру іс-әрекеті барлық топтарда аптасына 3 сағат жоспарланғанын, мектепалды даярлық тобында берілген деді. Жоспар, кесте бойынша оқу қызметтері өтілуде және балалардың спорттық формалары ата – аналардың көмегімен жинақталған, әр баланыкі өз қалтасында салынып тұрғанын айтты. Оқу қызметтерінің өткізілу тәртібіне бақылау жүргізгенімде тәрбиешілер оқу қызметінің құрылымын біледі, тәрбиеші де, балаларда спорттық форма киді, негізгі қимылды үйреткенде қауіпсіздік ережесін сақтап, тәрбиеші көмекшісі екеуі бірге жүргізді деді. Ал кемшілік жиберілген, мыс: форма толық болмай қалған, секіру жаттығуының өлшем мөлшері сақталмай қалған, ескі негізгі қимыл қайталанбай тұрып, жаңа қимылды үйретуді бастаған тәрбиешілерге сол уақытында ескерту айтылып, анықтамаға жазылды деді.

Жарыссөзге шыққандар: медбике Абылова Айсулу бала денсаулығына дене шынықтыру кезінде салмақ салынбау туралы айтып, оқу қызметтеріне жақсы өтіліп жатыр деп өз пікірін білдірді.

Меңгеруші Саурбаева Улбосын Нурлановна дене шынықтыру бойынша тақырыптық бақылау туралы және оқу қызметтерінің өтілуіне жақсы деген баға беретінін айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Дене шынықтыру технологиялары» тақырыбында тәрбиеші Салходжаева Дария шебер сынып өткізіп, дене шынықтыру оқу қызметінің технологиялары туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Халық педагогикасымен байланыстырып, ұлттық ойындарды қалай өтуге болатыны және оқтаумен қалай жаттығу жасайтыны жайлы педагогтармен жұмыс үргізді.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша педагог – психолог Ережепова Айнұр педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг өткізді. Педагогтар арасында психологиялық ойындар жүргізіп, жұмыс істеу қабілеттерінің жоғарылауына көмектесті.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша меңгеруші Саурбаева Улбосын Нурлановна 381 бұйрықпен таныстырды. Балаларға топтарда тыныштық бұрыштарын, сонымен қатар топтардың балаларға арнап жасаған дамыту бұрыштарын толықтыруды айтып өтті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.

- 2.«Денсаулық» білім беру саласы бұрышының толық жабдықталуы үшін түймелі кедір – бұдырлы жолдар, жалаушалар, таяқшалар жасалынсын және білім бөліміне спорттық құрал – жабдықтарға сұраныс берілсін, таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы деп бағалансын.
3. «Дене шынықтыру «іс-әрекетінің барысы атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, кіші топтағы балалардың спорттық формалары толықтырылсын.
4. «Дене шынықтыру технологиялары» тақырыбындағы шебер сыныпта айтылған мәселелер оқу қызметтерінде қолданылсын.
5. Педагогтармен педагог- психолог жетекшілігімен тренингтер өткізу жалғастырылсын.
6. 381 бұйрықты негізге алып топтар жасақталсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Саурбаева У.Н
Усенова Т.С.